

**5B011600 – География мамандығы бойынша**  
**Қазақстан Республикасының ғылым және білім министрлігімен бірге**  
**Республикалық студенттердің пәндік олимпиадасын өткізу**

**ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**18-19 сәуір 2019 жыл**

**Олимпиаданың ашылуы.** Олимпиаданың ашылу салтанаты. Олимпиада ұйымдастырушылары олимпиада өткізу барысын қатысушыларға түсіндіреді:

- Тапсырма құрылымы;
- Тапсырмаларды орындау реті мен кезеңдері;
- Орындалатын тапсырмаларға қойылатын критерийлер;
- Қатысушылардың құқығы мен міндеттері.

**Олимпиада екі кезеңде өтеді.**

**Бірінші кезең басталардан бұрын** командалар ұйымдастырушы әділқазылар алқасына географияны оқыту әдістемесінен ұзақтығы 7 минуттан аспайтын видеоматериал түрінде бір сабақ өткізу жоспары бойынша үй жұмысын тапсырады.

Максимум – 50 балл.

**Бірінші кезең.** Жалпы жертану, Геология, Геоморфология, Метеорология және климатология, Топырақтану, Қазақстанның физикалық географиясы, Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы, Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы пәндері бойынша теориялық тапсырмалар орындалады (әр студентке жеке). Бағалау деңгейі сұрақтың күрделілігіне байланысты болады.

Максимум – 100 балл.

Уақыт: 3 сағат.

**Екінші кезең.** Картография топография негіздерімен, Жалпы жертану, Геология, Геоморфология, Метеорология және климатология, Топырақтану, Қазақстанның физикалық географиясы, Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы, Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы, Дүние жүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы пәндері бойынша тәжірибелік бағыттағы тапсырмалар орындалады (әр студентке жеке). Бағалау деңгейі сұрақтың күрделілігіне байланысты болады.

Максимум – 200 балл (100 + 100).

Уақыт: 3 сағат.

Олимпиада нәтижелерін қорытындылау (орындалған тапсырмаларды тексеру) әрбір кезең бойынша, екі кезең нәтижелері мен үй тапсырмасы нәтижелері бойынша анықталады. Бағалау критерийлерін және баллдарды есептеу ретін ұйымдастыру алқасы белгілейді.

Іссапарлық шығындарды (жолақысы, тұрғын жайға орналасуы, тамақтануы) жіберуші ЖОО есебінен төленеді.

Олимпиадаға қатысуға тапсырысты [olimpiada.geography.2019@mail.ru](mailto:olimpiada.geography.2019@mail.ru) электрондық адреске жіберулеріңізді сұраймыз.

Барлық сұрақтар бойынша хабарласуларыңызға болады:

8 72 42 23 93 24 – Жаратылыстану факультетінің деканаты;

8 701 122 29 26 – Байкенжеева Айнұр Тұрдыбайқызы;

8 701 337 23 74 – Тоқтағанова Гүлжас Баданқызы;

8 778 190 88 16 – Айдаров Оразхан Тұрсынходжаевич